



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

анықталады.

Жалпы қорыта айтқанда, Таяу Шығыс аймағы елдеріндегі қақтығыстар аймақта шиеленісті жағдайды ушықтырып, халықаралық қатынастардың даму үрдісіне белгілі бір дейгеде ықпал етіп отыр. Энергетикалық ресурстардың маңыздылығы артқан сайын Таяу Шығыс қақтығысты аймақтардың біріне айналып, шиеленістер бәсеңдейтін емес. Сондықтан да, барлық мемлекеттер әлемдік бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуді басты мақсат тұтқан халықаралық ұйымдар аясында (мысалы, БҰҰ, ИЫҰ сияқты) бірлесе әрекет жасаған жағдайда ғана қақтығыстардың кең етек алуын шектеу мүмкіндігіне ие болары айқын.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Примаков Е.М. Минное поле политики. - 3-е изд. - М.: "Молодая гвардия", - 2007.
2. Кречетников А. Кризис в Сирии: преуспеет ли Realpolitik Кремля? // Би-би-си. Русская служба. 04.02.2013. URL: http://www.bbc.co.uk/russian/international/2013/02/130204_russia_syria_mediation.shtml;
3. Арабские страны Западной Азии и Северной Африки. - М., - 2002
4. Подцероб А. Б. Восстание арабов в XXI веке: что дальше? // Институт Ближнего Востока. URL: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2011/12-03-11a.htm>.
5. Выступление и ответы на вопросы СМИ министра иностранных дел России С.В.Лаврова о ходе совместной пресс-конференции со спецпосланником Генерального секретаря ООН по Сирии С.де Мистурой по итогам переговоров. - М., - 4.11.2015 - // http://www.mid.ru/foreign_policy/news/-/asset_publisher/cKNonkJE02Bw/content/id/1917302
6. Ходынская-Голенищева М.С. Терроризм в Сирии. Азия-Африка сегодня. -№1, - 2016. -12-14 сс.

УДК 339.9

АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТЫ АЙМАҒЫНДАҒЫ АЗИЯ-ТЫНЫҚ МҰХИТТЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТІМАҚТАСТЫҚТЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Қиюбек Жаңылсын Жадетқызы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті,
аймақтану кафедрасының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Молдалиева А. Ы.

Азия -Тынық мұхиты аймағы – біріккен сауда қатынастарымен байланысқан елу елді қамтитын экономикалық саяси аймақ. Бұл аймақтың жетекші рөлде болуының басты себептері - әлемдік шаруашылықтағы мықты экономикалық серіктестігі, аймақтағы «Азиялық айдаһарлар» - Оңтүстік Корея, Тайвань, Сингапур, Гонконг және «Азиялық жолбарыстар» - Тайланд, Малайзия, Индонезия, Филиппины мемлекеттерінің орналасуы. Территориясы жер шарының тең жартысын алып жатқан аймақтың ерекше қарқынмен дамуы саясаткерлермен ғалымдардың «XXI ғасыр Азия-тынық мұхит аймағы ғасыры» деген болжам айтуына себеп болды. Бүгінгі таңда әлемнің басты назары осы аймаққа бағытталып отыр. Аймақ жалпы әлемдік саясатта бірнеше ерекшеліктерге ие: Біріншіден, аймақтың әскери-саяси бейнесі, екіншіден аймақтың мұхит жағалауындағы мемлекеттерден құралғандығы, мұның бәрі Азия-тынық мұхиты аймағы елдерінің теңіз инфрақұрылымының жеткілікті деңгейде дамуына жол ашады.

Азия-Тынық мұхиты негізгі 4 субаймақтан құралған:

1 Солтүстік – Шығыс Азия

2 Оңтүстік - Шығыс Азия

3 Оңтүстік Азия

4 Тынық мұхитының оңтүстік жағалауындағы елдер тобы.

Австралиялық профессор Берни Бишоп, (2002 ж Владивосток) АТЭС 7-ші инвестициялық форумында АТЭС ке кіретін елдер өзінің экономикалық даму жағынан 4 топқа бөлінетінін атап өткен:

1) дамыған экономика (АҚШ, Канада, Жапония, Австралия, Жаңа Зеландия);

2) жаңа индустриалды экономика (Тайвань, Оңтүстік Корея, Мексика, Сингапур және Гонконг);

3) дамушы экономика Индонезия, Малайзия, Таиланд, Филиппин, Папуа-Жаңа Гвинея, Бруней, Чили, Перу);

4) өтпелі экономика (РФ, Вьетнам, Қытай)

Азия аймағының экономикасы бірқатар интеграциялық бірлестіктердің ықпалына байланысты, атап айтқанда:

Азия – Тынықмұхит экономикалық ынтымақтастығы бойынша үкіметаралық форум (АТЭС); Тынықмұхиттық Экономикалық Кеңес (ТЭС);

Сауда және даму бойынша Тынықмұхиттық конференция (ПАФТАД);

Солтүстік – Шығыс Азия елдерінің Аймақтық әкімшілік Ассоциациясы (АРАССВА); Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің Ассоциациясы (АСЕАН);

Шығыс азиаттық қауымдастық Саммиті (ВАС);

Азиаттық Даму Банкі (АзБР).

Аймақтағы интеграциялық бірлестіктердің бірі, 1989 жылы Канберрада Австралия және Жаңа Зеландия премьер-министрлерінің бастамасымен құрылған Азия-Тынық мұхиты экономикалық ынтымақтастығы (АТЭС) – халықаралық экономикалық ұйымы болып табылады.

АТЭС пен қатар аймақта Тынықмұхиттық Экономикалық ынтымақтастық бойынша Кеңес үкіметтік емес ұйым болып табылады. Ол 1980 жылы Жапонияның бұрынғы премьер-министрі Охира және Австралия премьер-министрі Фразер бастамаларымен құрылған. [1]

Азия-Тынық мұхиты мемлекеттері үшін тиімді Тынықмұхиттық экономикалық қауымдастық құру туралы ой 1960 жылдардың басында келген болатын. Азия-Тынықмұхиттық экономикалық ынтымақтастықтың құрылуына ықпал еткен 1980 жылы құрылған Тынықмұхиттық Экономикалық ынтымақтастық Кеңесінің қызметі болатын. ТЭЫК-нің институционалдық механизмі мен көпжақты ынтымақтастықтағы тәжірибесі АТЭЫ-тың құрылуында үлкен рөл атқарды. АТЭЫ форумы бір жағынан Азия аймағындағы жаһандану процессін көрсетуші рөлін атқарса, екінші жағынан АҚШ-тың Жапония және Австралия секілді жақтаушылары арқылы Тынықмұхиттық аймақтануды іске асырушы рөлін атқарады. АҚШ мемлекеті басқа аймақтардағы сауда блоктарының құрылуына алаңдаушылық білдіре отырып, өзінің болашақтағы экономикалық серіктестері ретінде Шығыс Азияның қарқынды мемлекеттерін көре білді. Сөйтіп, олармен тезірек байланыс орнатып алуды көздеді. Ал екінші себебі, бұл Шығыс Азия және Оңтүстік-Шығыс Азия мемлекеттерінде қатаң түрде шекаралық шектеулердің пайда болуы. Өз тауарларын енгізгісі келген көптеген шетел мемлекеттері осы шектеулерге жиі тап болып отырды. Мысалы, АҚШ 1970-1980 жылдары өз автомобильдерін, азық-түлік тауарларын, алкогольді сусындарын экспорттауда осындай шектеулерге тап болып отырды. Осылайша, Таиландта кедендік салық кіргізілген тауардың 30-40%-ын, Индонезия мен Филиппинде 20%-ын құраса, Малайзияда машина экспорттауға мүлде жол жабық болды. Қытайда жоғары көлемдегі салық текстиль тауарларына салынса, Филиппин мен Таиландта қызмет көрсету саласында капитал құюға мүлде рұқсат етілмеді. Орта есеппен, Гонконг пен Сингапурды қоспағанда, көптеген мемлекеттерде кеден салығы тауар бағасының 10%-дан 30%-ға дейінгі бағасын құраған. Осылайша, АТЭЫ-тың құрылуы ең алдымен экономикалық факторларға тәуелді болғанын көріп отырмыз. АТЭЫ-ның тез арада құрылуы жаһандану мен аймақтану тенденцияларына сай келді, сонымен қатар қатысушылардың қызығушылықтарын ескере білді. Төрт жылдың ішінде ұйым конференция деңгейінен министрлер мен мемлекет басшылары қатысатын жылдық саммит деңгейіне дейін көтерілді. [2]

Алғаш осындай саммит АҚШ президенті Клинтонның ұйымдастыруы арқылы 1993

жылы Сиэтл қаласында өтті(АТЭЫ мүшелерінің сыртқы істер министрлері, сауда мен экономика министрлерінің алғашқы кездесуі 1989 жылы Канберрада өткен болатын). Қазіргі күні АТЭЫ форумына мүше 21 мемлекеттің үлесіне әлемдік ЖІӨ-нің 55%-ы(18 трлн.доллар), әлемдік сауда көлемінің 54%-(5,2 трлн.доллар) және барлық әлем халқының 40%-ы(2,5 млрд. адам) тиесілі. АТЭЫ форумы кеңес беруші орган болғанымен, сауда, инвестиция және қаржы қызметі саласында аймақ мемлекеттерінің шаруашылық қызметінің әлемдік тенденциядағы рөлін көрсетеді. Қызметтің негізгі бағыты сауда мен инвестицияны либерализациялау болып табылады. 1994 жылы АТЭЫ экономикасының көшбасшылары Богорда(Индонезия) «Богор декларациясына» қол қойды. Оның мәні АТЭЫ аймағындағы тауар мен капиталды либерализациялау болатын. Бұл мақсат кейінірек 1995 жылғы Осака бағдарламасы арқылы нақтыланды. Онда АТЭЫ мүшелері Богор мақсаттарын орындауы үшін 15 салада өзгерістер енгізуі тиіс болды: тарифтік шектеулерде, қызметтерде, инвестиция саласында, бұрыннан қалыптасқан стандарттарда, кедендік процедураларда, бәсекелестік саласындағы саясатта, үкіметтік тапсырыстарда, ӘСҰ-ның міндеттерін орындауда, шиеленісті шешуде, іскери адамдарды қызметке жіберуде, ақпаратты жинақтау мен сараптауда. Бағдарлама кедендік салықты төмендету мен еркін және ашық сауданы жүргізу концепциясын іске асырды. Келесі қадам 1996 жылы өткен Филиппин саммиті болатын. Ондағы Маниль бағдарламасына сәйкес, үш бағытты саясат жүргізуге шешім қабылданды: жеке әрекет ету жоспары, ұжымдық әрекет ету жоспары және технико-экономикалық ынтымақтастық әрекеті. Қазіргі күні АТЭЫ-ның мүшелері мемлекеттер ғана емес, аумақтар да бола алады(Тайвань және Гонконг). Ал мүше мемлекеттері әр –түрлі деңгейде дамыған: Аустралия, Бруней, Вьетнам, Канада, Қытай Халық Республикасы, Индонезия, Малайзия, Мексика, Жаңа Зеландия, Папуа-Жаңа Гвинея, Перу, Ресей, Сингапур, АҚШ, Таиланд, Тайвань, Чили, Филиппин, Оңтүстік Корея, Жапония. [3] Жеке әрекет ету жоспары сауда мен инвестицияны либерализациялауды 15 салада қарастырады: тарифтік шектеулерде, қызметтерде, инвестиция саласында, бұрыннан қалыптасқан стандарттарда, кедендік процедураларда, бәсекелестік саласындағы саясатта, үкіметтік тапсырыстарда, ӘСҰ-ның міндеттерін орындауда, шиеленісті шешуде, іскери адамдарды қызметке жіберуде, ақпаратты жинақтау мен сараптауда. Бұл бағдарлама экономикалық қайта құрушылықты, тауар мен капиталды еркін жүргізуді, кәсіпкерлік қызметті дамытуды қарастырады. АТЭЫ-на қатысушылар жыл сайын жеке әрекет ету жоспарларын жаңартып отырады. Олар өз ұлттық экономикасының деңгейін сараптай отырып, жеке даму деңгейін анықтайды. Мысалы, форумға 1998 жылы мүше болған Ресей өзінің жеке сауда жүргізу саясатын 2020 жылға дейін толықтай іске асырып боламын деп шешті. Жыл сайын ол сауда мен инвестицияны либерализациялауда өз жоспарын ұсынып отырады. Сонымен қатар, жеке әрекет ету жоспарлары АТЭЫ –ның экономикасының деңгейін көрсетеді. Ал, ұжымдық әрекет ету – кедендік процедураны жеңілдетуді, кедендік номенклатураны реттеуді өз мойнына алады. Жеке әрекет етуге қарағанда, ұжымдық әрекет етудің шеңбері тар. Жалпы алғанда, ұжымдық әрекет ету жыл сайын мониторинг арқылы реттеліп, мүше-мемлекеттердің баяндамасы арқылы толықтырылып отырады. Маниль бағдарламасының басқа әрекет етуші элементі: ынтымақтастық негізде саудаға ортақтасу болып отыр. 2020 жылға дейін тарифтік емес кедергілерді түбегейлі жоюды, Богор мақсаттарын орындауда прогрессивті либерализация жүргізуді қарастырады. [4] Оклэнд саммитінде АТЭЫ көшбасшылары арқылы АТЭЫ-ның бәсекелестік саласындағы принциптері мен тепе-теңдік саласындағы реформаларын қабылдауға қол қойылды. АТЭЫ-ның қызметінің тағы бір бағыты – экономикалық және техникалық ынтымақтастық негізінде инновационды экономика мен жаһандандудың артықшылықтарын пайдалану(ЭКОТЕК). Бұл жобаның негізгі мақсаты- қатысушылардың экономикалық деңгейін көтеру. Негізгі көңіл аударатын салалары ретінде келесілерді атауға болады: адами ресурстарды дамыту, капитал рыногінің бірқалыпты дамуы, инфраструктураның нығаюы, болашақ технологиясын жасап шығару, экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін көтеру, орта және ұсақ кәсіпкерлікті бекіту және дамыту. Қазіргі экономикалық және техникалық ынтымақтастық

төрт бағытта жүргізіледі: сарапшылар мен ақпарат алмасу; маманданған білімді көтеру жоспарын жасап шығару; инфраструктураны жасап шығару; макроэкономикалық мәселелерді шешуде экономикалық саясатты қолдану, төлем балансын сақтау. Солайша, 2008 жылы АТЭЫ шеңберінде 91 бағдарлама қабылданды. АТЭЫ-ның үшінші бағыты экономикалық деңгейді көтеру болып табылады. Бәсекеге қабілетті өнеркәсіп салаларын дамытуды және қаржы саласында ынтымақтастық ты кеңейтуді қарастырады. Экономикалық ынтымақтастықты басқару екі бағытта жүзеге асырылады: саяси және жұмыс бағытында. АТЭЫ-ның саяси деңгейі экономикалық саммитті министрлер деңгейінде өткізуді қарастырады. Ал жұмыс бөлімі жоғары қызметкерлер жиналысын қарастырады. Жоғары қызметкерлер министрлердің қоластында отырып, комитеттер мен жұмысшы топтардың қызметін бақылайды. Осылайша, АТЭЫ экономикалық ынтымақтастық арқылы біршама жобаларды іске асырады. [5]

Қорытындылайтын болсам, Азия- Тынық мұхиты аймағының бүгінгі күнгі халықаралық деңгейдегі маңызын ескере отырып, АТЭЫ секілді бірлестіктің жұмыс істеп, нәтиже көрсетуі оған мүше мемлекеттерге үлкен пайда әкеліп отырғанын мойындау керек. Сонымен қатар форумға дамыған да, дамушы да мемлекеттердің мүше бола алуы, әлемнің басқа мүше болғысы келетін мемлекеттері үшін өте тиімді деп ойлаймын. Ұйымның құрылған уақытынан бастап бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктеріне көз жүгірте отырып, болашағы зор екенін және мемлекеттер үшін өте тиімді жобалар ұсынып отырғанын атап өту керек. Аймақта маңызды рөл ойнауына мемлекеттердің қол жеткізген экономикалық және саяси жетістіктерін мысал етіп алуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Гарусова Л.Н. Тихоокеанская политика США в 80–90-е гг. XX века. Американские экономические и военно-политические интересы в АТР// Россия и АТР. 2001. № 4. С. 62–73.
2. ЧхорнПролынг «Необязывающие принципы» как средство инвестиционной политики в АТЭС // Восток. Афро-Азиатские общества: история и современность. – №2, 2006. – С. 29.
3. Севастьянов С. Форум АТЭС: проблемы эффективности и перспективы развития // Космополис. - №3(22), 2008. – С. 146.
4. Индивидуальный план действий России в АТЭС на 2009 г. представлен на официальном сайте АТЭС: http://www.apec-iap.org/document/RUS_2009_IAP.htm
5. Darson Chiu. Leadership content analysis of the Asia-Pacific Economic Cooperation and the Pacific Economic Cooperation council: A Dissertation Presented in Partial Fulfillment Of the Requirements for the Degree Doctoral of Management in Organizational Leadership / <http://gradworks.umi.com/32/94/3294999.html>

УДК 339.923(470+571)

ДВУХСТОРОННИЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И РОССИИ.ЭКОНОМИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Майкотова Айжан

Maikotova.aizhan@mail.ru

Студентка 1 курса Евразийского Национального Университета
имени Л.Н. Гумилева, Астана

Научный руководитель - Молдалиева А.И.

За прошедшие со времени распада Советского Союза пятнадцать (без малого) лет его бывшими союзными республиками были опробованы и проверены многие пути экономического и политического взаимодействия с внешним миром. Стали более или менее ясны возможности и пределы такого взаимодействия вне рамок СНГ, что значительно повысило авторитет и значение Евразийского Экономического Сообщества (ЕврАзЭС) с